

"Интегралдық микросхема топологиясын тіркеуге өтінім жасау, беру, қарау, тіркеу және куәлік беру жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті төрайымының 2002 жылғы 9 қарашадағы N 192 бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті Төрайымының 2005 жылғы 30 желтоқсандағы N 70-НҚ Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрігінде 2006 жылғы 23 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 4028. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2010 жылғы 23 сәуірдегі N 136 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.04.23 N 136 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне зияткерлік меншік құқықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Интегралдық микросхема топологиясын тіркеуге өтінім жасау, беру, қарау, тіркеу және куәлік беру жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті төрайымының 2002 жылғы 9 қарашадағы N 192 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2002 жылғы 14 қарашада N 2043 тіркелген, 2003 жылғы N 2 Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті төрайымының міндетін атқарушының 2004 жылғы 28 қыркүйектегі N 60-п бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін.

Аталған бұйрықпен бекітілген Интегралдық микросхема топологиясын тіркеуге өтінім жасау, беру, қарау, тіркеу және куәлік беру жөніндегі Ережеде:

6 тармақтың 4) тармақшасы алып тасталсын;

37 тармақтағы үшінші абзацта "алу құқығына сенімхат" деген сөздерден кейін "және мемлекеттік бажды төлегенін растайтын құжатты" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Өнеркәсіптік меншік саласында мемлекеттік саясатты іске асыру басқармасы осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті төрайымының орынбасары А.Х.Әмірғалиевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төрайым